

Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы  
«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Жетістік апталығы 2025 жыл

Аудандық «Ізденістен – тәжірибеге» атты жетістіктер апталығы

**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**

**Кіріктірілген іс-әрекет**

2025-2026 жыл

## «Мамандықтың бәрі жақсы»

**Мақсаты:** Балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту, балалардың бір-бірімен диалог арқылы, сөйлеуін дамыту. Мамандықтар туралы түсінік беру, балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру, балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Тігіншіге керек заттар ине, метр, қайшы, жіп, іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

### I. Ұйымдастыру кезеңі.

**Тәрбиеші:** Балалар бізге көп қонақтар келіп отыр екен, бірінші орнымыздан тұрайық, қонақтарға мойнымызды бұрайық амандасып алайық.

**Балалар:** Сәләматсыздар ма!

**Қонақтар:** Сәләматсыздар ма балалар!

Енді алаңдамай бар зейінімізді маған бұрайық.

**Тәрбиеші:** Көңіл - күйлеріңіз қалай балалар! (Жақсы).

**Тәрбиеші:** Балалар, сендерді, таңертең балабақшаға келгенде кім қарсы алады?

Ал сендерге күнде тамақ әзірлейтін кім?

Біздің дене қызуымызды өлшеп қарайтын кім екен? Дұрыс айтасындар әрбір адам мамандық иесі болады екен. Мысалы: менің мамандығым тәрбиеші.

Диана сенің анаң кім болып жұмыс жасайды?

Аслан сенің әкең кім болып жұмыс жасайды?

Мадина өскенде сен қандай мамандық иесі боласың? Бұлардың барлығы балалар ата-аналарымыздың игерген мамандықтары, сендердің де болашақ мамандықтарың. Олай болса мен сіздерді тағы бір мамандық туралы жұмбақ жасырғым келіп тұр, кім таба алады екен.

Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған,

Өміріңді күзеткен,

Ысқырығы күшті адам( **Полиция**)

Адамның жүзін,

Басы мен көзін,

Айнытпай келбетін,

Салатын кім суретін( **Суретші**)

Өрнектеп, сәндеп,

Тігістерін бүгетін,

Солпысын жөндеп,

Кім көйлек тігетін( **Тігінші**)

**Тәрбиеші:** Балалар сендер қандай мамандық екенін тез таптындар жарайсындар.

**Тәрбиеші:** Балалар көзімізді жұмайықшы, .

Көзімізді жұмған кезде қараңғы болды ма, жарық болды ма?

(Қараңғы)Қараңғы болғанда күндізге ұқсайма? Түнге ұқсайма?

Түнгі аспанды елестетіп көрейікші.

Түнгі аспанда не жарық қылады? (Ай).

Түнгі аспанда тағы не болады екен балалар? (Ай, жұлдыздар). Көзімізді ашайық.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар, түнгі аспанда ай, жұлдыздар болады екен, аспан әлемі жұмбақ және өте қызық оқиғаларға толы екен.

Балалар, сендер білесіндер ме, аспан әлемінде бір үлкен оқиға болып жатыр екен, оны көру үшін экранға назар аударайықшы.

## II. Сабақ барысы:

«Ай мен тігінші» халық ертегісі..

**Тәрбиеші:** Балалар біз қандай оқиға көрдік? Оқиғада кім бар?(тігінші)Тағы нені көрдік? Тігінші айға көмектескісі келді. Қалай?(киім тігіп) тіктіма көйлек?(тікті). Сыйдыма көйлек? (Сыймай қалды). Неге сыймады деп ойлайсындар балалар? Себебі ай пішінін өзгертіп тұрады. Ай - айдың басында туған ай, яғни кішкентай ай, Әр айдың ортасында жарты айға айналады. Яғни, манағы кішкентай айымыз орташа айға айналады. Ал әр айдың соңында осы қыркүйек айының соңында ертең ай бітерде көріңдер балалар толған айға айналады,яғни үлкен дөңгелек айға айналады. Тігіншінің қателігі айдың толатынын білмеді. Олай болатын болса балалар тігіншіге де көмектесейік. Айға көйлек тігіп берейік.

**Тәрбиеші:** Сонымен балалар тігінші не істейд? (тігін тігеді)

Тігін тігу үшін не керек балалар? (ине, метр, қайшы, жіп, іс машинасы, киім үлгілері, маталар).

**Тәрбиеші:** Балалар, тігінге қажетті заттарды қайдан алуға болады? ( Дүкеннен).

**Тәрбиеші:** Ендеше, балалар, мына жерде дүкен тұр екен, Балалар мен сендерге Дүкенші деген ойын ойнатқым келіп тұр. Біреуіңіз сатушы боласындар ,біреуіңіз сатып алушы боласындар. Балалар дүкенші не істейді? Заттары тез өту үшін жарнама жасайды. Келіңізде, келіңіздер менде мынадай жіп бар, менде мынандай қайшы бар деп,адамдарды шақырамыз. Адамдар қызығып келеді,сосын сатып алады. Сатып алушы бағасын сұрайды,түсін сұрайды. Мынау неше теңге деп сұрайды? Сол кезде дүкенші мынау 500 теңге деп айтады. Осылай ойнап бересіндерме маған балалар? Диана сен сатушы боласың, Омар сен сатып алушы боласың. (Сатушы мен тұтынушының диалогы).

**1-Тапсырма:** Қаржылық сауаттылық.

**Тұтынушы:** Сәламатсыз ба, мен тігінге қажетті заттарды сатып алайын деп едім. **Сатушы:** Сәламатсыз ба, жарайды, қандай заттар керек?

**Тұтынушы:** Маған ине керек, қанша теңге тұрады?

**Сатушы:** Жүз теңге тұрады.

**Тұтынушы:** Сосын, әр түрлі жіптер,

**Сатушы:** Міне, екі жүз теңге

**Тұтынушы:** Қайшы бар ма?

**Сатушы:** Ия, бар, жүз теңге.

**Тұтынушы:** Өлшейтін метр керек.

**Сатушы:** Ол, жүз теңге тұрады.

**Тұтынушы:** Тағы, он метр мата керек.

**Сатушы:** Бес жүз теңге, барлығы: бір мың теңге.

**Тұтынушы:** Рахмет, сау болыңыз!

**Сатушы:** Сау болыңыз, тағы да келіп тұрыңыз!

(Әкелген заттарды тігіншіге береді).

**Тәрбиеші:** Жарайсындар сендер жақсы сауда жасадыңдар. Балалар, кәне, дұрыс сатып алды ма екен, сатып алынған заттарды көрейік.

(Балаларға көрсетіп, аттарын сұрау. Ине, метр, қайшы, әр түрлі жіптер, мата).

**Тәрбиеші:** Балалар, тігін тікпес бұрын, қолымызды жаттықтырып, сергіп алайық. Мен айтамын, сендер қайталайсындар.

### **Нейрожаттығу.**

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ.

Еркін ұста дененді,

Тарсылдатпай еденді.

Орнымыздан тұрайық

Жүгірейік бір уақыт

**Тәрбиеші:** Жарайсындар !

**Тәрбиеші:** Балалар біз не істесекте, бірінші қауіпсіздік ережесін білуіміз керек екен. Қайшының жүзі, иненің ұшы өткір болғандықтан, абайлап ұстауымыз керек. Ата-анамыздан, үлкендерден көмек сұрауымыз керек.

**Тапсырма:** Балалар біз тігін шеберханасына келдік деп есептейік. Бұл жерде бізге берілген тапсырма көйлекті әдемілеп тігу керек..

(Көйлектер дайын болғасын айға жапсыру )

**Тәрбиеші :**Болашақта сендерден жақсы тігінші шығады екен.

### **III. Қорытынды:**

1. Балалар бүгінгі Ұйымдастырылған іс-әрекет ұнадыма?

2. Несімен ұнады? Ал балалар сендерге экраннан көрген оқиға ұнады ма? Сендерге дүкен ойыны ұнады ма? Ал жаттығу ұнады ма? Ал сендерге тігін тіккен ұнады ма? Ал бүгінгі іс-әрекетімді мен Абай Құнанбаевтың мына сөзімен аяқтағым келіп тұр.

Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң ,арқалан.

Сен де -кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та,бар ,қалан! - деп бекер айтпаған екен. Балалар сендер жақсы білім алып, үлкен азамат болып, қалаған мамандық иесі болуларына тілектеспін! Мен сендерге мынандай сыйлықтар дайындап келдім болашақтарың жарқын болсын! Сау болындар балалар.



Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы  
«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Жетістік апталығы 2025 жыл

Аудандық «Ізденістен – тәжірибеге» атты жетістіктер апталығы

**Тақырыбы: «Ойна да, ойлан!»**

**Психологиялық тренинг**

2025-2026 жыл

## Тренинг жоспары: «Ойнада – ойлан»

**Мақсаты:** Педагогтердің ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамытудағы рөлін терең түсіну, шығармашылық пен интерактив әдістер арқылы педагогикалық шеберлігін арттыру.

### 1 – бөлім: Кіріспе (10 минут)

Қайырлы күн құрметті әріптестер!

Менің есімім Әжімбаева Ақбота Серікбайқызы. Бүгін мен сіздерге тренинг жүргізетін боламын. Тренинг тақырыбы «Ойнада – ойлан» деп аталады. Бүгін біз сіздермен бір сәтке бала әлеміне сапар шегеміз. Шексіз қиялға, күлкі мен қуанышқа толы, ал біз кейде тіпті ұмытып кететін – ойын әлеміне!

Ендеше, жүректен жүрекке ой қозғайтын, қиялға қанат бітіретін сәттер басталмақ. Ойнайық. Ойланайық. Өзгертейік.

### Танысу ойыны: "Марапат — менің эмоциям!"

**Мақсаты:**

- Балабақша педагогтерін бір-бірімен таныстыру
- Позитивті атмосфера орнату
- Педагогтердің шығармашылығын, ашықтығын арттыру

«Бүгін біз ерекше танысу форматын ұсынамыз. Әрқайсыңыз – өзіңіздің балабақшаңыздың мақтанышысыз! Сіздерге арнап жоғарыдан арнайы марапат келіп отыр. Ал оны алу үшін кішкене шығармашылық қажет болады! Эмоциямызды көрсетуіміз қажет»

Жүргізуші әр балабақша атын атап, бір педагогты ортаға шақырады.

Ортаға шыққан педагог:

Музыка ойнап тұрады. Өзінің қалаған эмоциясын (қуаныш, таңғалу, шаттық, әсерлену, т.б.) бет-әлпетімен, қимылымен көрсетіп, марапатты қабылдайды.

Қысқаша өз есімін, қай балабақшадан келгенін айтады.

### Тренинг: «Жүректен шыққан хат» «Анадан хат»

(эмоциялық тереңдік пен ішкі баланы оятуға арналған жаттығу)

**Кіріспе:** Бұл — анаңыздан естігіңіз келген, бірақ өмірде айтылмаған, мүмкін, айтуға үлгермеген, немесе жиі айтылмаған сөздерге арналған сәт. Біз бұл жерде ешкімді бағаламаймыз, бәрі жасырын түрде жүреді. Хатқа ешкімнің есімі жазылмайды. Бұл — тек жүрек пен жүректің арасындағы байланыс.»

**Хат жазу:** «Ақ қағазды алып, анаңыздан естігіңіз келген сөздерді жазыңыз. Бұл хатта сіз өзіңізді кішкентай бала сезініңіз. Анаңыз сізге не айтып, не

жеткізгенін қалар едіңіз? Қандай сөздер сізге жылулық, қолдау, мейірім сыйлар еді? Хатты атыңызды жазбай, тек шын жүректен жазыңыз. Бұл сіздің ішкі балаңыздың қалауы.»

(Мысалы: "Сен мен үшін ең керемет баласың", "Мен сені жақсы көремін", "Сен қандай болсаң да, мен үшін маңыздысың" т.б.)

Біз бұл жерде ешкімді бағаламаймыз, бәрі жасырын түрде жүреді. Хатқа ешкімнің есімі жазылмайды.

**Ұшыру:** Хатты жазып болғаннан кейін:

«Енді қағазды самолет етіп бүктейік. Сол хатты алысқа – өмірдің өзіне, адамдарға, әлемге бағыттап ұшырамыз. Самолет ұшқанда, сол сөздерге мұқтаж біреу міндетті түрде оларды алады деген сеніммен ұшырайық.»

**Хатты оқу:** (2-3 адам)

«Қазір ұшып келген хатты ашып оқимыз. Хатты ашып Қызым деген жерге өзіңіздің атыңызды жазасыз. Оқимыз. Бірақ бір ерекшелік бар: оны анаңыз сізге жазғандай оқыңыз. Әр сөйлемді өзіңізге бағытталған сөз ретінде қабылдаңыз. Бұл – сізге арнап айтылған сөздер. Оларды жүрекпен сезінуге тырысыңыз.»

**Қорытынды сөз:**

«Бүгінгі жаттығу – біздің ішкі баламызбен, ішкі әлемімізбен қайта қауышуға мүмкіндік берді. Анадан күткен, жүрекпен қабылдағымыз келген сөздерді есту арқылы біз бір сәтке болсын бала болдық. Жылы сөз, мейірім мен түсінік адамның жанына қандай ем болатынын сезіндік.

Дәл осы сезімді күнде балаларымыз да күтіп жүруі мүмкін. Олар да бізден жай ғана «Сен жақсысың», «Мен саған сенемін», «Мен сені жақсы көремін» деген сөздерді естігісі келеді.

Педагог пен баланың арасындағы байланыс – тек білім беру қатынасы емес. Бұл – ананың баласына деген мейірі секілді жүректен жүрекке бағытталған шынайы ықылас. Баланың жанын түсіне алатын, оны тыңдай алатын, қолдай алатын ұстаз – бала өміріндегі ең маңызды адамдардың бірі.

Біз әр балаға анадай мейіріммен, жүрекпен қарасақ, олардың көзінде сенім пайда болады. Сенім – ең үлкен өзгерісті бастайтын күш.

Сондықтан, әр балаға мейірім берейік. Күнде айтылмаған жылы сөздерді ұмытпайық. Себебі кейде бір ауыз сөз – баланың болашағын өзгертіп жібереді.»

Енді ойын ойнап бір сергіп алайықшы:

**Ойын:** «Орнынды жылдам ауыстыр»

**Нұсқау:** Ойыншылардың ішінен бір жүргізуші таңдалады. Ол барлық ойыншыларда кездесетін бір затты байқап, команда береді. «Кімнің киімінде қалтасы бар, солар орын ауыстырсын». Сол кезде осы команданың қатысы бар ойыншылар жылдам орындарын ауыстыруы керек, ал олар ауысып жатқанда жүргізуші бос орындыққа отырып қалуы керек. Қай қатысушы орынсыз қалса, сол келесі жүргізуші болып ойынды жалғастырады.

**Қорытынды:** «Ойнада – ойлан» - бұл жай ғана ұран емес. Бұл – баланың жанын түсінудің кілті. Бала үшін ойын – ермек емес, өмірді тану. Ойын арқылы дос табады, ережені үйренеді, жеңіліске үйреніп, жеңіске жетуді армандайды.

Ал сол ойынның артында тұрған біз – педагогпыз. Біз бағыттаушымыз, шабыттандырушымыз, демеушіміз. Еңбектеріңіздің жемісін көріп, әр күндеріңіз бала күлкісімен нұрлансын! Рахмет!

